

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 сәуірдегі N 307 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 1

с ә у і р д е г і

N

3 0 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің жанындағы авариялар, апаттар және дүлей зілзалалар салдарларын жою жөніндегі тұрақты төтенше комиссияны Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиясы етіп қайта құру туралы" Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы 24 қазандағы N 331 қаулысы.

2. "Алматы халықаралық әуежайы" ашық акционерлік қоғамының аэровокзалының өртенуін тексеру жөнінде Үкімет комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 шілдедегі N 957 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 шілдедегі N 957 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 976 қаулысы.

4. "Мемлекеттік субсидиялау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі N 1000 қаулысы.

5. "1941 - 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 қазандағы N 1014 қаулысы.

6. "Мемлекеттік органдардың нысанды киім-кешектері мен нышандары жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 1230 қаулысы.

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 қазандағы N 1014 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 қаңтардағы N 76 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК